

**«НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ**

Хаттамаға 1
121 КОСЫМША
күні 03.04.2018
№ 121

**«Назарбаев Университеті» ДБҰ-да
Зертханалық жануарларды күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі
институционалдық комитет туралы ереже**

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы
Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген
03 04 20 18 ж. № 121 хаттама



Астана
2018

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Университеті» ДБҰ-да Зертханалық жануарларды күтіп ұстау және пайдалану жөніндегі институционалдық комитет туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Университет) Жарғысына, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Ғылыми кеңесі туралы (бұдан әрі – Ғылыми кеңес) ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. «Назарбаев Университеті» ДБҰ-да Зертханалық жануарларды күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі институционалдық комитет (бұдан әрі – Комитет) Ғылыми кеңестің жанындағы тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады және Университетте ғылыми жұмыстар жүргізген кезде зертханалық жануарларды күтіп-ұстау мен пайдаланғанда этикалық нормалардың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын «кіші комитет» мәртебесі бар.

3. Комитеттің қызметі Университеттің Жарғысына, Ғылыми кеңес туралы ережеге, осы Ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1. Анықтама

4. Осы Ережеде пайдаланылатын терминдер мен қысқартулар:

1) Бастамашы – оқытушы-профессорлар құрамының өкілі, қызметкер немесе Университеттің студенті немесе Университетпен бірлескен зерттеу жүргізетін Комитет қарау үшін Өтінім беретін тұлға.

2) Өтінім – Комитет қарау үшін Комитет белгілеген электронды және баспа түрінде және Бастамашы беретін зерттеу хаттамасын қоса алғанда қажетті құжаттар топтамасы.

3) Комитеттің мақұлдауы – зертханалық жануарлармен ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде ұсынылған зерттеудің этикалық нормаларға сай жүргізілгенін ресми растау болып табылатын Комитеттің Өтінімді мақұлдауы.

4) Комитеттің бастартуы - зертханалық жануарлармен ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде ұсынылған зерттеудің этикалық нормаларға сай жүргізілмегенін ресми растау болып табылатын Комитеттің өтінімнен бастартуы.

5) Қараудан босату – егер Комитет Өтінімде сипатталған зерттеу зертханалық жануарлармен зерттеулер болып табылмайды деген қорытынды берген жағдайда, Өтінім қараудан босатылған болып саналады.

6) Бас зерттеуші - қажетті құжаттар топтамасы Өтінімінің мазмұны үшін жауапты бас зерттеуші. БЗ бастамашы болуы мүмкін.

7) Ең аз тәуекелмен зерттеу зертханалық жануарға зерттеулерге қатысуы кезінде келтірілуі мүмкін зиянның ықтималдығы мен ауқымы зертханалық жануар күнделікті тіршілігінде (мысалы, көбею, дәрі егу, аулау) кездесетіннен аспайтын зерттеу болып табылады.

8) Қалыпты тәуекелі бар зерттеу, оны жою үшін анестетиктер немесе анальгетиктер (мысалы, қысқа уақытқа дене қимылының шектелуі, қылықтық күйзеліс, ауырсынуды немесе күйзелісті туындататын созылмалы ауруы бар жануарларды ұстау) тартылуы мүмкін зерттеу болып табылады.

9) Қалыпты тәуекелден жоғары зерттеу, оған қатысу анестетиктерді, анальгетиктерді немесе транквилизаторларды (мысалы, ауыр қабынуды, тіннің зақымдануын немесе онда өлім соңғы нүкте болып табылатын функционалдық тапшылығы немесе ауру жануарларды, қоса алғанда) тарту арқылы болмауы мүмкін немесе азаймайтын қалыптыдан жоғары әлеуетті ауырсыну мен күйзеліс арқылы болатын зерттеу.

10) Босату – жоба жануарларды, омыртқалы жануарларды немесе жануарлардың тіндерін, сұйықтықтарын, ішкі органдарын жұмыртқаларын, эмбриондарын, ұрықтарын және т.б. қамтымайды және коммерциялық жолмен немесе коммерциялық тәсілмен сатып алынған басқа комитеттен немесе Комитет мақұлдаған басқа зерттеу жобасынан алынатын болады.

11) Жедел қарау – Тәуекелі ең төмен Өтінімдерді Комитет отырысын шақырмай қарау.

12) Толық қарау – қалыпты және қалыптыдан жоғары тәуекелі бар Өтінімдері қарау.

13) Жануар – омыртқалы жануар (данио рерио балығының эмбриондары < 120 hpf Комитеттің қарауынан босатылады).

3. Миссиясы

5. Комитеттің миссиясы этикалық нормалардың және олардың сәйкестігін тексеру мақсатында зертханалық жануарларды күтіп-ұстау мен пайдалануға байланысты зерттеулер жүргізуге тартылған оқытушы-профессорлар құрамының, Университеттің қызметкерлері мен студенттердің зерттеу қызметін бақылау болып табылады:

1) зерттеу этикасы саласындағы халықаралық стандарттарға;

2) зертханалық жануарларды күтіп-ұстау мен пайдалануға байланысты зерттеулер жүргізу бойынша Университетте белгіленген қағидалар мен ережелерге.

4. Өкілеттігі

6. Комитет:

- 1) зертханалық жануарларды күтіп-ұстау мен пайдалануды көздейтін оқытушы-профессорлар құрамының, Университеттің қызметкерлері мен студенттердің барлық ғылыми жобаларын қарауға;
- 2) берілген Өтінім шеңберінде талап етілетін шолу тұрпатын (жедел қарау, толық қарау, қараудан босату) айқындауға;
- 3) ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған Өтінімдерді мақұлдауға, бастартуға, өзгерістер енгізуге немесе қараудан босатуға;
- 4) Комитеттің ұсынымдарын орындамаған немесе осы жобаға арналған Өтінімнен бастартылған жағдайларда ғылыми-зерттеу жобасын тоқтатуға;
- 5) оған арналған мақұлданған Өтінім шеңберінде БЗ-дан зерттеу барысы туралы есептерді талап етуге;
- 6) мақұлданған хаттамаларға қажетті мониторингілеуді жүзеге асыруға;
- 7) өз функцияларын орындау үшін Университет мектептерінде бөлімшелер құруға және олар туралы Ережелерді бекітуге құқылы.

5. Функциялары

7. Комитеттің :

- 1) Зертханалық жануарларды күтіп-ұстау және пайдалану кезінде Бастамашының Өтінімін ғылыми зерттеулер қағидаттарын сақтау мәніне қарау;
- 2) Комитет қарағаннан кейін Бастамашы енгізетін барлық өзгерістерді, толықтыруларды қарау;
- 3) БЗ ұсынған есептерді қарау жолымен тәуекел дәрежесіне сәйкес Комитет мақұлдаған Өтінімдерге іріктемелі мониторинг жүргізу.
- 4) ол мақұлданған Өтінімнің зерттеу хаттамасын сақтамаған жағдайда Бастамашыға электронды нысанда жазбаша хабарлау ұсыну. Осындай хабарлау жіберу үшін (кімге екенін көрсету) Комитетке жағдайды анықтау және қосымша тексерулер талап етілуі мүмкін. Осындай хабарлама алған жағдайда Бастамашы тиісті тексерулер аяқталған сәтке дейін жобаны тоқтатуға міндетті;
- 5) өз қызметі туралы жыл сайынғы есеп және/немесе Ғылыми кеңестің талабы бойынша есеп ұсыну.
- 6) Комитеттің қағидаттарын, саясатын, рәсімдері мен басшылыққа алатын қағидаттарын қалыптастыру және Университеттің қалған қоғамдастығына тарату;
- 7) жануарларды күтіп-ұстау мен пайдалануға байланысты нысандарды бағалау және есеп беру (вивариум және авторландырылған эксперименталдық үй-жайлар) негізгі функциялары болып табылады.

6. Комитеттің бөлімшелері

8. Комитеттің тиісті бөлімшелері Университеттің мектептерінде Комитеттің шешімімен құрылады.

9. Осындай бөлімшелерді құру мақсаты, қалыптастыру тәртібі және олардың мүшелерінің құзыреті Комитеттің шешімімен бекітілетін олар туралы ережелерде айқындалады.

10. Бастамашының Өтінімдерін қарауға, мақұлдауға және бастартуға жауапты Комитеттің мектеп деңгейіндегі бөлімшелерінің мүшелері әр 3 (үш) жылда «Зертханалық жануарларды күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі Институционалдық комитеттің Төрағасына арналған оқу курсының» Кәсіби дайындықтың бірлескен бағдарламасы бойынша дайындықтан табысты өтуі тиіс (CITI “ IACUC Chair Training Course ”).

6. Басқару қағидаттары

11. Комитеттің құрамын Ғылыми кеңес бекітеді.

12. Провост Комитет хатшысын Провост Офисі штаттағы қызметкерлерінің қатарынан тағайындайды. Хатшы Комитеттің мүшесі емес.

13. Егер Зерттеу тәуекелі барынша аз немесе курс жұмыстары негізіндегі зерттеулер болған жағдайда Комитет Өтінімді қарауды мектеп деңгейіндегі өзінің бөлімшесіне тапсыруы мүмкін.

14. Төраға әр 3 (үш) жылда «Институционалдық қадағалау кеңесінің мүшелері – Біліктілікті арттырудың базалық курсы/біліктілікті арттыру курсы» (CITI “IRB Members - Basic/Refresher”) және «Зертханалық жануарларды күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі Институционалдық комитеттің Төрағасына арналған оқу курсы» (CITI “ IACUC Chair Training Course ”) Кәсіби дайындықтың бірлескен бағдарламасы бойынша дайындықтан табысты өтуі тиіс.

15. Тәуелсіз сарапшыны қоспағанда, Бастамашының Өтінімдерін қарауға, мақұлдауға және бастартуға жауапты Комитеттің мүшелері «Зертханалық жануарларды күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі Институционалдық комитеттің Төрағасына арналған оқу курсы» (CITI “ IACUC Chair Training Course ”) Кәсіби дайындықтың бірлескен бағдарламасы бойынша дайындықтан табысты өтуі тиіс.

16. Мүшелер Комитеттің қарауына мәселелер ұсынуға құқылы және Комитеттің барлық материалдарына рұқсаты бар.

8. Мүшелік

17. Комитет құрамына келесі мүшелер кіреді:

- 1) Төраға, оның кандидатурасын Провост ұсынады;
- 2) 1 (бір) өкіл Медицина мектебінен;
- 3) 1 (бір) өкіл Ғылым және Технологиялар мектебінен;
- 4) 1 (бір) өкіл Инженерия мектебінен;
- 5) 1 (бір) өкіл «Астана ұлттық зертханасы» ЖМ-нен;
- 6) 1 (бір) өкіл, Сенаттың ішкі рәсімдеріне сәйкес тағайындалған Сенат факультетінен;
- 7) 1 (бір) өкіл УМС-нен;
- 8) Қызметкер емес немесе Университет қызметкерінің туысы емес, сондай-ақ Университетке кәсіби қатысы жоқ тәуелсіз сарапшы;
- 9) Ветеринар дәрігер.

18. Комитет мүшелікке байланысты жұмыс жүктемесін бөлу мақсатында Төрағаның ұсынымы бойынша Комитеттің құрамына қосымша мүшелер ұсыну құқығы болады.

19. Төрағаның орынбасарын Комитет өз мүшелерінің қатарынан сайлайды. Егер Төраға болмаса, немесе БЗ және/немесе Бастамашымен мүдделер қақтығысы бар екенін мәлімдеген болса төрағаның орынбасары Төрағаның міндеттерін атқарады;

20. Комитет мүшелері үш жылдық мерзімге тағайындалады, ол аяқталғаннан кейін осындай мерзімге қайтадан тағайындалуы мүмкін.

21. Комитеттің Төрағасы және мүшелері жоспарланған кететін күнінен бір ай бұрын Төрағаны және Комитеттің Хатшысын хабардар етіп Комитеттегі мүшеліктен ерікті бастартуға құқылы.

9. Комитетті ұйымдастыру және қызметі

22. Комитеттің отырыстары оқу жылы ішінде ай сайын өткізіледі. Бұл ретте Төраға Комитет мүшелеріне жоспарланып отырған отырыс өткізілетін күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын электронды түрде хабарлама жіберіп кезектен тыс отырыс шақыруға құқылы.

23. Комитет ашық және жабық отырыстар өткізеді. Ашық немесе жабық отырыс өткізу туралы шешімді Төраға қабылдайды. Ашық отырыстар өткізілген кезде егер осы Өтінім Комитеттің отырысында қаралатын болса, Бастамашыны, БЗ және Өтінімде зерттеуге қатысушылар ретінде белгіленген тұлғалардан басқаларды қоспағанда, Университет қоғамдастығының барлық мүшелері қатысуы мүмкін.

24. Егер оған Комитеттің барлық мүшелері құрамының жартысы қатысқан болса, Комитеттің отырысы заңды деп саналады.

25. Комитеттің шешімдері Комитет отырысына қатысушылардың жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Әр мүше бір дауысқа ие. Дауыс беру құқығы басқа тұлғаларға берілуі мүмкін емес. Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның даусы шешуші болып табылады. Комитеттің шешімін қабылдау үшін қажетті дауыстар санын септеген кезде қалыс қалған мүшелердің дауысы есептелмейді.

26. Комитет Төрағасы өзінің қарауы бойынша сырттай отырыс шақыруға құқылы. Осындай жағдайда, сырттай дауыс беру жолымен (онлайн-дауыс беру) қабылданған Комитеттің шешіміне Комитет мүшелері қолдарын қойған дауыс берген мүшелерінің толық аты-жөні жазылған бюллетеньдер қоса беріледі.

27. Комитеттің ашық отырысында қабылданған шешім Комитеттің Төрағасы және Хатшысы қолдарын қоятын Комитеттің хаттамасымен ресімделеді. Комитеттің сырттай отырысында қабылданған шешім Комитеттің Төрағасы және Хатшысы қолдарын қоятын Комитеттің шешімімен ресімделеді.

Комитет мүшесі нақты болмаған жағдайда жиналысқа медиа құралдар мен рекордер арқылы жиналысқа қатысушы мүше ретінде қатысуы мүмкін. Осындай жағдайда қол қойылған дауыс беру бюллетені Комитет шешіміне қоса беріледі.

28. Өтінімдерді жедел қарау Комитет отырыстарын өткізуді талап етеді. Қарау отырыстың күн тәртібінсіз онлайн режимде өткізіледі. Осындай қарауды Төраға және Комитеттің бір немесе екі мүшесі өткізеді. Жедел қарауға мақұлданған Өтінімдер Комитеттің Төрағасы және Хатшысы қолдарын қоятын Жедел қарау отырысының хаттамасымен ресімделеді.

29. Комитеттің хатшысы Комитет отырыстары хаттамаларының, сондай-ақ олардың құжаттарының дайындалуы, есепке алынуы мен сақталуына жауапты болады. Бұл ретте хаттамаларды сақтау Университетте белгіленген тәртіп пен мерзімдерге сәйкес Ғылыми-зерттеу қызметін сүйемелдеу офисінде баспа түрінде де, сондай-ақ электронды түрде де жүзеге асырылады. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін Хатшы Комитеттің құжаттарын белгіленген қағидаларға сәйкес Университеттің мұрағатына береді.

30. Комитеттің хатшысы Бастамашының, БЗ Өтінім немесе Университеттің мүдделі тұлғаларының сұратуы бойынша Комитеттің хаттамасынан үзінді көшірме береді.

31. Ағылшын тілі Комитеттің жұмыс тілі болып табылады.

32. Осы Ережеде реттелмеген мәселелерді Комитет Университеттің Жарғысына және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес дербес қарайды.